



БҰЙРЫҚ

2021 жылғы 10 наурыз
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 91-кез
город Нур-Султан

2021 жылғы 10 наурыз – 30 маусым аралығында өткізілетін Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жылғы 10 наурыз бен 30 маусым аралығында ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ) ұйымдастырылсын және өткізілсін;
2. Ақпараттық технологиялар басқармасы (М. Даненов):
 - 1) 2021 жылғы 10 наурыз бен 30 маусым аралығында ҰБТ өткізу барысында қолданылатын электрондық бағдарламалық жасақтамасына бақылау жасасын және бағдарламалық жұмысын техникалық жағынан сүйемелдесін;
 - 2) ҰБТ-ны өткізу үшін тиісті бағдарламалық жасақтамасымен «U-FUTURE» ЖШС-ін қамтамасыз етсін;
 - 3) ҰБТ барысында апелляция бойынша бағдарламалық жабдықтауына бақылау жасасын және бағдарламалық жұмысын техникалық жағынан сүйемелдесін;
 - 4) ҰБТ кезінде 24 сағат техникалық жабдықтардың, серверлердің және желілердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етсін;
 - 5) Тест тапсырмалар қорын сүйемелдеу бөлімі (М. Каргалдаева) ҰБТ-ға арналған HTML форматындағы тест тапсырмаларының нұсқаларын қалыптастырсын;
 - 6) Тест тапсырмалар қорын сүйемелдеу бөлімі (М. Каргалдаева) Мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімінің (Е. Сағымбай) сүйемелдеуімен HTML форматындағы тест тапсырмаларының нұсқаларын Бағдарламалық жабдықтауларды әзірлеу бөліміне (Р.Алибеков) тапсырсын;

7) ҰБТ өткізуге арналған және РАК қарауына келіп түскен өтініштердің электрондық бағдарламасын сүйемелдесін;

8) Ұлттық тестілеу орталығының (бұдан әрі - Орталық) РАК жұмысына қажетті 104 компьютермен және жергілікті желі, 2 принтермен қамтамасыз етсін;

9) ҰБТ бойынша күнделікті статистикалық мәліметтер мен апелляция қорытындысын қоса алғандағы күнделікті статистиканы, сонымен қатар қорытынды статистиканы 2021 жылғы 2 шілдеге дейін Тестілеуді ұйымдастыру және өткізу басқармасына (Қ.Баимбетова) әзірлесін және ұсынсын;

10) тестілеудің күнделікті нәтижелерін онлайн режимде Орталық сайтында жарияласын;

11) ҰБТ-ның электрондық сертификатын (апелляцияға өтініш берілмесе тестілеу күні, егер апелляцияға өтініш берілсе келесі күні) тестіленушінің жеке кабинетінде және арнайы веб-интерфейсте жарияласын.

3. Мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімі (Е. Сағымбай) HTML форматтағы тест тапсырмалары файлын, қалыптастырылған дұрыс жауаптар кодын Ақпараттық технологиялар басқармасына (М. Даненов) тапсырсын.

4. Орта білім берудегі тест тапсырмаларын қалыптастыру басқармасы (Н. Байгелова) мен Ұлттық біліктілік тестілеу тест тапсырмаларын қалыптастыру басқармасы (Т. Ерсұлтанова) 2021 жылғы 10 наурыз бен 30 маусым аралығында өткізілетін ҰБТ-ға:

1) апелляция өткізу рәсімі бойынша республикалық апелляциялық комиссия мүшелерін оқытсын;

2) РАК жұмысын ұйымдастырсын;

3) осы бұйрықтың 1, 2-қосымшаларына сәйкес өткізілетін ҰБТ бойынша РАК мүшелерімен қызмет көрсету шартын жасасын.

5. Тестілеуді ұйымдастыру және өткізу басқармасы (К. Баимбетова):

1) ҰБТ өткізу кестесін бекіту үшін әзірлесін және «U-FUTURE» ЖШС орталығымен келіссін;

2) Орталық филиалдарын, жоғары оқу орындарын, сонымен қатар облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларын ҰБТ-ға өтініш беру нұсқаулығымен қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің (бұдан әрі - Департамент) келісімімен тестілеу администраторларын ҰБТ өткізу пункттері (бұдан әрі - ҰБТӨП) бойынша бөлсін;

4) тестілеу администраторларын ҰБТ технологиясы бойынша оқытуды ұйымдастырсын, қажетті ақпараттармен және нұсқаулық құжаттармен қамтамасыз етсін;

5) тестілеу администраторларын ҰБТӨП-терге жіберу жұмыстарын ұйымдастырсын;

6) ҰБТӨП-тегі ҰБТ-ның өту барысын сүйемелдесін;

7) ҰБТ-ға өтініш қабылдау кезеңінде Ақпараттық технологиялар басқармасымен (М.Даненов) бірлесе отырып, ҰБТ деректер қорына түзету енгізу жұмыстарын жүргізісін;

8) ҰБТ барысын ахуалды орталық арқылы бақылау жүргізілуін ұйымдастырсын;

9) ҰБТ өту барысы туралы күнделікті жедел ақпаратты дайындасын;

10) аудиторияда тәртіп ережесін бұзғаны және тыйым салынған заттарды пайдаланғаны үшін ҰБТ нәтижесі жойылған тестіленушілердің актілерін жинасын;

11) тестілеу администраторларынан ҰБТ өткізу бойынша есебін қабылдасын;

12) 2021 жылғы 15 сәуір мен 15 шілдеге дейін ҰБТ-ны өткізу қорытындылары туралы есептерді Департаментке ұсынсын;

13) 2021 жылғы 15 тамызға дейін ҰБТ бейнематериалдарын қарау, есеп дайындау, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде құрылған комиссияға жіберуді ұйымдастырсын.

6. Тестілеу администраторлары:

1) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес 2021 жылғы 10 наурыз бен 30 маусым аралығында өткізілетін тестілеуге жергілікті ҰБТӨП қызметкерлері жұмылдырылсын;

2) тестілеуді ҰБТ-ны ұйымдастыру және өткізу технологиясына сәйкес ұйымдастырсын;

3) 2021 жылғы 10 шілдеге дейін ҰБТ-ны ұйымдастыру және өткізу бойынша атқарылған жұмыстары туралы есеп дайындасын және Орталыққа ұсынсын.

7. Қаржы басқармасы (А. Егимбаева) 2021 жылғы 11 қаңтардағы №4-НҚ бұйрығымен бекітілген өтеу нормаларына сәйкес еңбек ақы көлемі, тәулікақы, тұрғын үй-жайды жалға алу және жол жүру шығыстары азаматтық-құқықтық шартпен белгіленген және орындалған жұмыстар актісі негізінде:

1) 2021 жылғы 10-31 наурыз аралығында өткізілетін ҰБТ бойынша РАК мүшелеріне Орталықтың бюджетінен тыс қаражат есебінен осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) 2021 жылғы 11 сәуір мен 30 маусым аралығында өткізілген ҰБТ бойынша РАК мүшелеріне 204 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету» республикалық бюджеттік бағдарламасының 109 «Білім сапасына сырттай бағалау жүргізу» кіші бағдарламасы есебінен осы бұйрықтың 1, 2-қосымшаларына сәйкес төлесін;

3) ҰБТ кезінде ҰБТӨП-терге жіберілген ауыз су, бір реттік стақан, антисептикалық сұйықтық, медициналық маскаларды Шаруашылық басқармасының Шаруашылық бөлімі (А. Абдибеков) және Орталық филиалдарының есебінен шығарсын.

8. Шаруашылық басқармасы (А. Артыков):

1) РАК мүшелерін кабинетпен және қажетті кеңсе құралдарымен қамтамасыз етсін;

2) Денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде COVID – 19 коронавирустық инфекциясы таралуының алдын алу үшін, сондай-ақ бірінші кезекте РАК мүшелері мен Орталық қызметшілерінің өмірі мен денсаулығын сақтау жағдайларын қарастыру мақсатында жұмыс жасап отырған кабинетте ылғалды тазалау жұмыстарының жиі жүргізілуін қамтамасыз етсін.

9. Осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес 2021 жылғы 10 наурыз бен 30 маусым аралығында өткізілетін ҰБТ кезіндегі қызметшілердің жұмыс уақыты 2 сағатқа (сағ. 09.00-20.30) ұзартылсын, демалыс күндері (2021 жылғы 13, 20, 23, 24, 27 наурыз, 3, 10, 11, 17, 24 сәуір, 3, 8, 10, 15, 16, 22, 23, 29 мамыр, 5, 12, 19, 26, 27 маусым, 3, 4 шілде) және мерекелік күні (7 мамыр) күндері жұмысқа жұмылдырылсын.

10. Осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес ҰБТ-ны ұйымдастыру және өткізу іс-шаралары бойынша Орталық қызметшілері құрамынан жауапты тұлғалар бекітілсін және құрылымдық бөлімше басшылары өз қызметшілеріне жүктелген міндеттердің орындалуына бақылау жасасын.

11. Осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес ҰБТ барысында туындаған штаттан тыс жағдайлар бойынша Орталықтың шешім қабылдау комиссиясының Ережесі мен құрамы бекітілсін.

12. Директордың орынбасарлары (Н. Дидарбекова, А. Исакова, Ғ. Досмахамбетұлы) өз құзіреттеріне жүктелген іс-шаралардың атқарылуын қамтамасыз етсін.

13. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

14. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Директор



Д.Н. Смагулов

